



Жалағаш

Жаршысы



№44 (9931)
3 маусым
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Құттықтау

Құрметті, аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 маусымында Республика Жоғарғы Кеңесі қазақ халқының егеменді мемлекет болған жаңа рәміздерін бекітті. 1992 жылы 4 маусым күні «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы туралы» тарихи заңдарға қол қойылды. Сол күннен бастап, міне, 30 жылдан аса биікте желбіреген туымыздың астында Қазақстан халқы егеменді елде тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Ел тәуелсіздігі мен мемлекеттік рәміздер – егіз ұғым. Рәміздер – саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендіктің бірегей белгілері. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекетті мемлекеттік саяси рәміздерінің елестету мүмкін емес.

Сондықтан бүгінгі мерекенің орны ерекше, мәртебесі биік. Себебі бұл тек мерекелі күнді атап өтумен ғана шектелмейді, бұл мереке бізге үлкен міндеттер жүктейді. Ол міндет – кейінгі жастарымызды, жеткіншектерімізді ел үшін еңбек етуге, Отанды сүйуге тәрбиелеу, мемлекеттік құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Рәміздер халықтың рухы мен елдің егемендігін ғана емес, сол мемлекеттің өркеніет көшінен алар орны мен деңгейін де белгілейді. Бүгінде Қазақстанның Мемлекеттік Туы өзімен экономикалық және достық қарым-қатынас орнатқан көптеген мемлекеттерде желбіреп тұр. Жеңімпаз спортшыларымыз Туымызды көкке көтеріп, Гимнімізді асқақтатуда. Бұл әрбіріміз үшін зор мақтаныш, бақыт өкпін даусы!

Осы ретте жас ұрпақтың Мемлекеттік рәміздерге деген құрметін қалыптастырып, санасына сіңіру баршаымыздың азаматтық борышымыз ғана емес, басты жауапкершілігіміз екенін естен шығармасқа деймін.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Елтаңба, Ту, Әнұран – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі» деп айтқанындай, аспан түстес көк байрағымыз асқақтап, тұлпар тұрпатты Елтаңбамыз жарқырап, Гимніміз шарықтап, Тәуелсіздігіміз нығай берсін!

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі үстем болсын! Шекарамызға ешкім сына қақпасын!
Тәуелсіз Қазақстанымыз жасасын!

Құрметпен Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжанов



Мемлекеттік рәміздер – басты құндылығымыз

Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгені 30 жылдан асты. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, өз алдына дербес ел болды. Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Десе де бұл шексіз байлықтың қазаққа оңай келмегеніне тарих куә. Қазақ бұған дейін небір нәубетті жылдарды өңсерді. Кешегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезеңі де бұған аяқ қоймаған Қазақстанға оңай тиген жоқ.

Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек, сындарлы саясат керек. Ол оның ішкі және сыртқы әлемі, экономикасы, ақшасы деген секілді көптеген құндылықтарға келіп тіреледі. Аталған құндылықтарды аз уақыт ішінде үлкен мақсатқа айналдырған еліміз астанасын да бекітті. Сондай-ақ егемен еліміздің төңгесі, руханияты мен мәдениеті, болмысы, рухты шынықтыратын рәміздері қалыптасты.

Қай мемлекеттің болсын тәуелсіздігін айқындайтын халқы қасиет тұтып, қастерлейтін құндылықтары болады. Егемен еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, халқымыздың рухын, ұлттық салт-дәстүрі мен даналығын, болашаққа сенімін жеткізетін ерекше құнды белгілер ол – ерине мемлекеттік рәміздер. Міне, осыны қазақ әуелден ұқты. Қазақстанның төл төңгемізден бұрын егемен ел ретінде Мемлекеттік рәміздерімізді бекітуді қолға алды. Содан бері көк Туымыз биіктен желбіреп, Әнұранымыз әлем елдерімен қатар шарықалуда.

Иә, мемлекеттік рәміздер мәдениетіміз, тарихымыз бен болмысымыздың көркем туындысы болуы керек. Қазақстандықтардың рәміздерге деген қарым-қатынасы – олардың болашаққа сенімінің, мақтанышының, отансүйіш-

тіктің көрсеткіші іспеттес. Әрине мемлекеттік рәміздер арқылы елімізді тануға және оны бүкіл әлемге танытуға болады, өйткені онда халқымыздың бүкіл бастан кешкен тарихы, бүтіндей мәдениеті мен өнері жатыр, сондықтан ол патриотизмнің ең бастау көзі болып табылады.

Тарихқа бір сәт көз жүгіртсек, 1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілді. 2007 жылғы 4 маусымда бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы мемлекеттік рәміздерімізді пайдалану тәртібін нақты белгілеп берді.

ҚР Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Ту сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Мемлекеттік тудың авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шөкен Ниязбеков.

Жалпы, көк түс – түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Туда көк аспанның шексіздігін білдіреді, сондай-ақ жалпы игілік, тыныштық, бейбітшілік және бірлік символы деп есептеледі. Бүркіттің силуэті жас тәуелсіз Қазақстанның өлемдік өркеніетке ұмтылу идеясынан пайда болды. Оның әр елдің және этникалық топтардың елтаңбалары мен туларында суреттелгені – ертеден келе жатқан

дәстүр. Символика тілінде бүркіттің силуэті мемлекеттік билікті, кеңдікті және алғындықты білдіреді.

Мемлекетіміздің Елтаңбасы қазақ тіліне аударғанда, ол «таңба», «белгі», тіпті «мұра» деген мағына береді. Бұл термин ежелгі түркі қанатты кезінен қолданыла бастаған. Еліміздің Елтаңбасы екі сәулелер Жандарбек Мәлібек пен Шота Уәлихановтың шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде жарық көрді. Мемлекеттік Елтаңба – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғары бөлігінде бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «QAZAQSTAN» деген жазу алтын түстес. Бір сөзбен айтқанда, Елтаңбамыз еліміздегі барша халықтарды бір шаңырақтың астына шақырып, біздің ортақ үйіміз Қазақстанның мықты уықтарына айналуды үнемідейді.

Кез келген халықтың тарихында сол халыққа рухани күш-қуат берген, жігерін шыңдаған музыкалық шығармалары бар. Әрине мұндай әндер қазақ халқында да өте көп. Сондай бірі 17-18 ғасырларда

Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының басынан өткерген қасіретті күндерін көрсеткен «Елім-ай» әні еді. Бұл ән соғыстың тауқыметін көрген халықтың еңсесін тіктеуге, бойына күш-қайрат жиюға, рухының күшеюіне әсер еткен ел әні болды. Жаңа замандағы Жаңа Қазақстанның рухы әні десек болар, «Менің Қазақстаным» да Қазақ елі үшін орны бөлек туынды. Иә, ақын Жүмекен Нәжімеденов пен сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық бірлестігінен туындаған «Менің Қазақстаным» шын мәнінде қазақ халқының бейресми Әнұраны атанды. Осылайша «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның гимні 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазса, Нұрсұлтан Назарбаев Әнұран сөзін уақыт өлшімімен үндестіріп қайта өңдеген.

Шүкір, бүгінде біз – өзіміздің тіліміз, кең байтақ жеріміз, мемлекеттілігімізді айқындайтын астанамыз, рәміздеріміз бар тәуелсіз елдің иесіміз. Сондықтан осы төңгесі байлыққа ие болатын кез келген қазақстандықтың бойында ел тәуелсіздігіне татырлық күш-жігер болуы тиіс. Титтей құмырсқаның өзінің тәуелсіздігін қорғау қабілеті алып-тарға тең келеді. Ақырған аюдың өзі оқушылардың тәуелсіздік қорғанысына қорыққаны болса керек. Міне, Тәуелсіздік деген жақын ауыз сөздің қандай құнды күш өкпін осыдан-ақ пайымдай беруге болатын секілді.

Алтайн МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс студенті

Сыңғырла, соңғы қоңырау

Жолың болсын, жас түлек!

1 маусым күні барлық білім беру ошақтарында соңғы қоңырау салтанаты өтті. Жылда 25 мамырмен аяқталатын оқу жылы биыл 31 мамырға дейін жалғасты. Аудан орталығындағы іргелі білім ошақтарының бірі Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп түлектері де биылғы соңғы қоңырау салтанатында алтын ұя мектептерімен қимай қоштасты. Қайраткер атындағы мектепте өткен салтанатты жиынға аудан әкімі Асқарбек Есжанов бастаған бірқатар бөлім басшылары мен ардагер ұстаздар қатысты.

19 түлектің қанатын қатайтып, үлкен өмірге қадам бастырған алтын ұя соңғы қоңырау салтанатына тыңғылықты дайындалған. Әдемі безендірулер, қақпатар тізілген, жүздері балбұл жанған бірінші сынып оқушылары, жарқын болашаққа талпынған түлектер және білім атты кемнің бір бөлшегі, мектептің жүрегі мұғалімдер толқыныс үстінде болды. Дегенмен «Қос тойың қабат болсын» демекші, халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар келген соңғы қоңырау салтанатында балалар ерекше қуанышты өкпін байқады.

Қайраткер атындағы білім ошағындағы салтанатты жиын ерте басталды. Бірінші сынып, бастауышпен қоштасып жатқан оқушылар және мектеп бітіруші түлектер ұстаздарына деген алғыстарын білдіріп, өлең арнады, әннен шашу шашты. Салтанатты жиын барысында аудан әкімі Асқарбек Есжанов қос мерекемен құттықтап, түлектерге алдағы сын сағатында сәттілік тіледі.

– Адам баласының басты байлығы – бала. Сол бала үшін қуанамыз, бала үшін уайымдаймыз, баланың болашағы үшін қам жейміз. Міне, бүгінде қос тойымыз қабат келіп, екі бірдей мерекеге куә болып отырмыз. Ал бүгінгі мектеп қабырғасындағы оқушылық кезеңдері аяқталып, үлкен өмірге қанат қаққалы тұрған жас түлектерге артылар сенім мол.

Олардың әрбірінің ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары ұпай жинап, ата-анасының үмітін, ұстаздарының сенімін ақтауын тілейміз. Өйткені ҰБТ – осы уақытқа дейінгі жылдар бойғы алған білімнің сыналатын сол арқылы ұстаздар қауымы еңбегінің ақталатын сәті.

Жалпы, ауданның білім саласы көштен қалыс емес. Жыл сайын жоғары дәрежеден көрініп, ҰБТ-дан ойдағыдай көрсеткішке қол жеткізіп келеміз. Оның бәрі – ұстаздардың қажырлы еңбегі мен түлектер талабының арқасы. Енді биылғы ұлттық сынамадан да әр түлек сүрінбей өтіп, ұстаздарының еңбегін ақтап, аудан мерейін асырады деп сенеміз. Сіздердің алдағы өмірлеріңізге сәттілік тілей отырып, жарқын болашаққа қадам баса беріңіздер демекпіз, – деді аудан басшысы.

Расымен жалағаштық түлектер ұлттық бірыңғай тестілеуде жыл сайын абыройымызды арттырып, мерейімізді асырып келеді. Жыл сайын ҰБТ қорытындысымен алдыңғы қатардан көрініп жүрген ауданымыз білімді, бәсекеге қабілетті жастарды түлетуде көпке үлгі боларлықтай. Ал биылғы оқу жылында 356 бітірушінің 333-і ҰБТ-ға қатысады. «Алтын белгіге» 17 және «Үздік аттестатқа» 42 бітіруші үміткер. Түлектердің алдында үлкен білім сынағы тұр. Биылғы оқу жылында да мемлекет

тарапынан 11 сынып оқушыларына ұлттық бірыңғай тестілеуге екі рет қатысуға мүмкіндік беріліп отыр. Ал біз табан тіреген Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте 400 оқушы білім алса, оның 19-ы – мектеп түлеі.

Мұнан бөлек салтанатты шарада ардагер ұстаз Дина Мирман білім ошағының саланың дамуына үлес қосып отырғанын тілге тиеп, мектеп бітіруші түлектерге сәт сапар тіледі.

Айта кету керек, қазіргі таңда ауданда 20 мектеп жұмыс жасайды. Балаларды ыстық тамақ, киім-кешекпен қамту жайы да жолға қойылған. Жалпыға міндетті оқу қоры аясында тиісті көмек түрлерін апаратын арнайы санаттағы отбасылардан шыққан 3 944 бала ыстық тамақпен қамтылуда. Оның 2045-і атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының балалары болса, аз қамтылған отбасы балалары және 1899-ы – бастауыш сынып оқушылары.

Қосымша білім беру ұйымдары да аудандағы білім саласының қарқын алуына, оқушылардың мектеп қабырғасындағы білімін одан ары жетілдіріп, өнерге, түрлі үйірмелерге баулуға да жұмыс жасап келеді. Аудандағы 1 оқушылар үйі, 1 өнер мектебі және 2 спорт мектебінде 2 300 бала қосымша білім алуда.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Аппарат



Тапсырма тиянақты орындалуы тиіс

Бюджеттен бөлінген қаражат неқұрлым елдің ішіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Ондай мәселелер бізде жоқ емес, оған кешегі ауылдарға жасаған сапарымда халықтың талап-тілегінен көз жеткіздім. Кез келген жобаға қатысты құжат дайындауда халық ауылда қандай мәселелерді жиі назарға салады, осы сауалдың түйінін тарқату қаперлеріңізде болсын. Бірнеше жоба дайындауға кент пен 14 ауылдық округке қыруар қаржы бөлеміз, ал сіздер барды ұссата алмай әлі жүрсіздер. Мұнан кейін ел ішінде «біздің мәселемізді назарға алмайды, жергілікті биліктен елді мекендерді дамытуға қолдау жоқ» деген түсінік қалыптасады. Мен ауылдарды дамытуға қатысты кімнің жобасын кері қайтардым, керісінше бір-екі көше ұсынындар, қолдайық, көше барғанда халық сіздің ауылда жол, электр жарығына қатысты мәселелер айтты, осыған байланысты ұсынысыңыз болса, қолдауға дайынбыз деп сіздердің сондарыңызда жүрміз. Мен бір барған ауылда тұрғындар бір мәселені екінші мәрте көтергенде қысыламын, ал сіздер сол елдің ортасында күнде жүрсіздер ғой. Тағы да қайталап айтамын, әрбір жобаларыңыз, мақсаттарыңыз тек елдің ішіндегі мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Мемлекеттік қызмет – сіздерге осыны жүзеге асыру үшін берілген мүмкіндік, осы қаперлеріңізде болсын.

Иә, кешегі аппарат мәжілісінде аудан әкімі Асқарбек Есжановтың елді мекен әкімдеріне бұлай рәңжитіндей реті бар, айтылған сында мін жоқ. Естеріңізде болса, бұрын ел ішіндегі мәселелерді шешуге мұндай қолдау жоқ еді, жобаны жүзеге асыруға қыруар қаржы бөледі, тіпті оның құжатын дайындауға «демешуі тап» деп ауыл әкімдерін ешкімге қол жайдырмай отыр. Тек қолда бар қаражатты уақытында мақсатты игерсе иі. Әкімшіке орай оның өзін жүзеге асыруда бірнеше оқылық орын алған. Бұл жайында «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының Жалағашта жүзеге асырылуы туралы баяндаған аудандық бас экономисті не дейді? Тарқатайық...

Маусым айына дейін «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының жоспары – 64 млн 672 мың теңге, қасалық атқарылуы – 64 млн 170,7 мың теңге, яғни 99,2 пайызға игерілген. Орындалмаған 501,3 мың теңгенің 499 мың теңгесі Таң ауылдық округі әкімі аппаратынан жұмыс көлемінің болмауынан игерілмеді. Жұпар Хамитқызы бүгінде 20 жобаның тоғызына мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілмегенін айтады. Олардың қатарында кент әкімі аппаратынан абаттандыру жұмыстары, Аламесек ауылдық округінен көшелерді жарықтандыру, Аққум ауылдық округінен көшені жарықтандыру, Аққыр ауылдық округінен арықтарды шарбақпен қоршау жұмысы, Еңбек ауылдық округінен көшені жарықтандыру, Жаңадария ауылдық округінен сахна салу, ауылдың қиреберіс паспортын жөндеу, Қаракеткен ауылдық округінен елді мекенді жарықтандыру, Мақпалкөл ауылдық округінен көшені жарықтандыру, М.Шәменов ауылдық округінен ауылдың қиреберісіне арқа орнату жұмыстары бар.

205 млн 200 мың теңге жоспарланып, 100 пайызға орындалған. Ал «Елді мекендерді абаттандыру» бағдарламасына 21 млн 859 мың теңге жоспарланып, меже 99,2 пайызға игерілген. 167,5 мың теңге атқарылмаған, оның ішінде Еңбек ауылдық округі бойынша 150,2 мың теңге мердігер жұмысының толық орындалмауынан қалыптасқан. Мұнан бөлек «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасына 12 млн 640 мың теңге, «Аудандық маңызы бар кенттерде, ауылдарда автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу» бағдарламасына 316 млн 235 мың теңге жоспарланып, 100 пайызға игерілген.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасының ауданда жүзеге асырылуы барысына тоқталған бөлім басшысы да Асқарбек Темірбекұлының сынынан тыс қалмады. Шынында орын алған кемшіліктерді тізбектегеннен оның алдын алуға жұмыс жасаған жөн секілді. Жұпар Хамитқызы, бұл жұмыстардан мәселелерден өздеріңізді хабардарсыздар, барлық жоба сіздердің алдарыңызға келеді. Неге қосынды өңірде осындай қаржы игерілмеді» деп баяндағанын оның алдын алуға жұмыс жасайсыздар. Елді мекен әкімдерінің қайсысы қай деңгейде жұмыс жасайтынын жаңағы цифрлар көрсетіп тұр. Қалыптасқан оқылыққа бақылаудың да төмендігі себеп екенін ескеріңіз. Тағы да қайталап айтамын, әрбір жобаның игілігін халық көруі тиіс, мемлекеттен қаражат сол үшін бөлінеді. Ел көтерген мәселелерге басымдық беретін адам әлгіндей кемшіліктердің орын алуына жол бермейді деп сенемін – деді Асқарбек Есжанов.

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханованың айтуынша, биыл 5 айда дербес бюджеттің жылдық кірістер жоспары 158 млн 953 мың теңгені құраған. Есепті кезеңде оның 82 млн 301 мың теңгесі түсуі тиіс болса, бүгінде 177,2 пайызға орындалған. Яғни артық түсім – 63 млн 502,4 мың теңге.

Аламесектің әкімі Дәулет Тәжібаев жарықтандыру жұмыстары демеушілер есебінен жүргізілетінін айтады. Осы ретте ауыл әкімі бюджет қаражатын абаттандыру бағдарламасына ауыстырып, балалар ойын алаңын орнатуға ұсыныс беріпті. Түсуімен бірге, былтыр дәл осы ауылда демеушілер есебінен бір емес, екі балалар ойын алаңы салынған. Сондықтан елді мекенде шынында балалар ойын алаңының қажеттігі туындаған ба, ойланған адамның шақшадай басын шарадай қылатын қисынсыз ұсыныс сияқты біздің ойымызша. Дұрыс, көшелерді жарықтандыру жұмыстары демеушілер есебінен жүргізілсін, қайта бұл жобаны жүзеге асыруға қолдау тапқан ауыл әкіміне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Алайда әлі қаражатты басқа да мәселелерді шешіміне жаратуға болады ғой.

Мұнан кейін ауылдық округтерде кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайын аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жасулан Еспенбет кеңінен тарқатты. Әкімшіке орай кейбір елді мекендерде мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін көру деңгейі өте төмен.

Жұпар Хамитқызы бүгінде 20 жобаның тоғызына мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілмегенін айтады. Олардың қатарында кент әкімі аппаратынан абаттандыру жұмыстары, Аламесек ауылдық округінен көшелерді жарықтандыру, Аққум ауылдық округінен көшені жарықтандыру, Аққыр ауылдық округінен арықтарды шарбақпен қоршау жұмысы, Еңбек ауылдық округінен көшені жарықтандыру, Жаңадария ауылдық округінен сахна салу, ауылдың қиреберіс паспортын жөндеу, Қаракеткен ауылдық округінен елді мекенді жарықтандыру, Мақпалкөл ауылдық округінен көшені жарықтандыру, М.Шәменов ауылдық округінен ауылдың қиреберісіне арқа орнату жұмыстары бар.

Дербес бюджет кірістерінің басым бөлігі жеке тұлғалардың көлік салығы мен төлем көзін салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығынан құралған. Жеке тұлғалардан түсетін көлік салығы ҚР Салық кодексіне сәйкес, төлем мерзімі 1 сәуірге дейін белгіленген, сондай-ақ кірістер басқармасының дерегімен өткен жылдардағы қосымша бөрешегі анықталып, ол мамырға дейін төленген. Жұпар Хамитқызы артық түсімді осымен байланыстырады.

Ж.Баймаханова қазіргі таңда олардың ішінде 2 жобаға мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүріп жатқанын айтады. Оның бірі кент әкімінің аппараты бойынша кенттегі 3 көшенің қиылысына бағдаршам орнатуға негізделсе, енді бірі Мәдениет ауылдық округін аяқ сумен қамтамасыз ету жұмыстарына бағытталған. Бұл жоба әлеуметтік өнім беруші түспелінен баға сұрату тәсілімен үшінші рет жарияланыпты.

Жасулан Ерданұлы мамырға дейін тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 208 бірлікке жеткенін айтады. Оның ішінде 3077 кәсіпорын нақты жұмыс жасап тұр. Жыл басымен салыстырғанда кәсіпкерлік субъектілерінде өсім бар.

Жинақталған жобалардың ішінде өңдеу саласына қатысты 9, өсімдік шаруашылығы бойынша 2, мал шаруашылығы бойынша 132 және басқа да салалар бойынша 6 жоба бар. Сонымен қатар зекірілік кооперацияны дамыту бағытын өңдеу, өсімдік, мал шаруашылығы салаларына қатысты жобаларды ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Бұл бағытта осыған дейін ауданда 7 кооператив құрылған. Оның біреуі сүт өндуге бағытталса, алтауы ет өндуге негізделген.

Бұған дейін ауданға қарасты елді мекендердің кірістер жоспары дұрыс жасалмағаны айтылған еді, тіпті бұған қатысты Жалағашқа жасаған кезекті сапарында аймақ басшысы да орынды сын айтқан. Мамырда дербес бюджеттің кірістер жоспарына өзгерістер енгізіліп, төмен жоспарланған кент, ауылдық елді мекендер кірістер жоспарының айларға бөлінісі реттеліпті. Қазіргі таңда кент, ауылдар бойынша маусым айында дербес бюджеттің кіріс жоспары нақтыланып, жылдық жоспар көлемін ұлғайтуға жұмыстар жүргізілуде.

Ауылдық округтер бойынша кәсіпкерлік саласының басым бағыттарына және халыққа қажетті деген кәсіптің түрлеріне, яғни шаштараз, монша, наубайхана, жылыжай, тігін цехына зерделеу жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда ауылдық округтерде 5 шаштараз, 13 наубайхана, 4 монша, 12 тігін цехы жұмыс жасайды.

Жасулан Ерданұлы мамырға дейін тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 208 бірлікке жеткенін айтады. Оның ішінде 3077 кәсіпорын нақты жұмыс жасап тұр. Жыл басымен салыстырғанда кәсіпкерлік субъектілерінде өсім бар.

Жинақталған жобалардың ішінде өңдеу саласына қатысты 9, өсімдік шаруашылығы бойынша 2, мал шаруашылығы бойынша 132 және басқа да салалар бойынша 6 жоба бар. Сонымен қатар зекірілік кооперацияны дамыту бағытын өңдеу, өсімдік, мал шаруашылығы салаларына қатысты жобаларды ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Бұл бағытта осыған дейін ауданда 7 кооператив құрылған. Оның біреуі сүт өндуге бағытталса, алтауы ет өндуге негізделген.

Биыл мамыр айына дейін дербес бюджеттің шығыстар жоспарының атқарылуы 99,9 пайызға орындалған. Алайда 992,3 мың теңге игерілмеген. Мұның ішінде Таң ауылдық округі әкімі аппаратынан 503,3 мың теңге, Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратынан 157,8 мың теңге мердігер тарапынан жұмыс көлемінің болмауынан атқарылмаған.

Дербес бюджет бойынша басқа да бюджеттік бағдарламалардың есепті кезеңге қаржы игерілуіне келсек, біршама нәтижелі жұмыс бар. Сондай-ақ оқылық та жоқ емес. Мәселен, «Елді мекендерді жарықтандыру» бағдарламасына 35 млн 628 мың теңге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына

205 млн 200 мың теңге жоспарланып, 100 пайызға орындалған. Ал «Елді мекендерді абаттандыру» бағдарламасына 21 млн 859 мың теңге жоспарланып, меже 99,2 пайызға игерілген. 167,5 мың теңге атқарылмаған, оның ішінде Еңбек ауылдық округі бойынша 150,2 мың теңге мердігер жұмысының толық орындалмауынан қалыптасқан. Мұнан бөлек «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасына 12 млн 640 мың теңге, «Аудандық маңызы бар кенттерде, ауылдарда автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу» бағдарламасына 316 млн 235 мың теңге жоспарланып, 100 пайызға игерілген.

Жасулан Ерданұлы мамырға дейін тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 208 бірлікке жеткенін айтады. Оның ішінде 3077 кәсіпорын нақты жұмыс жасап тұр. Жыл басымен салыстырғанда кәсіпкерлік субъектілерінде өсім бар.

Бүгінде дейін бұл бағытта халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар Аққыр, Бұқарбай батыр, Таң ауылдық округтерінде біреуден ғана болса, Жаңадария, Мәдениет ауылдық округтерінде шаштараз, монша, наубайхана,

жылыжай, тігін цехының бірде-біреуі жоқ. Бөлім басшысы жергілікті әкімдермен бірлесіп, бұл бағытта жұмыс жасайтын аятады.

Жұпар Хамитқызы бүгінде 20 жобаның тоғызына мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілмегенін айтады. Олардың қатарында кент әкімі аппаратынан абаттандыру жұмыстары, Аламесек ауылдық округінен көшелерді жарықтандыру, Аққум ауылдық округінен көшені жарықтандыру, Аққыр ауылдық округінен арықтарды шарбақпен қоршау жұмысы, Еңбек ауылдық округінен көшені жарықтандыру, Жаңадария ауылдық округінен сахна салу, ауылдың қиреберіс паспортын жөндеу, Қаракеткен ауылдық округінен елді мекенді жарықтандыру, Мақпалкөл ауылдық округінен көшені жарықтандыру, М.Шәменов ауылдық округінен ауылдың қиреберісіне арқа орнату жұмыстары бар.

Жинақталған жобалардың ішінде өңдеу саласына қатысты 9, өсімдік шаруашылығы бойынша 2, мал шаруашылығы бойынша 132 және басқа да салалар бойынша 6 жоба бар. Сонымен қатар зекірілік кооперацияны дамыту бағытын өңдеу, өсімдік, мал шаруашылығы салаларына қатысты жобаларды ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Бұл бағытта осыған дейін ауданда 7 кооператив құрылған. Оның біреуі сүт өндуге бағытталса, алтауы ет өндуге негізделген.



Жылдағы дәстүрмен биыл да тұрғындарға картоп, бақша дақылдарын орналастыру үшін жер дайындалатынын бұған дейін де айтқанбыз. Кешегі мәжілісте қаралған соңғы мәселеге осы бағыттағы атқарылған жұмыстар арқау болды. Бұл жайында баяндаған аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев әлі де бұл бағытта біршама жұмыс жүруі тиіс екенін тілге тиек етті.

Иә, биыл тұрғындардың картоп, бақша дақылдарын орналастыру үшін 500 гектар жер дайындау жоспары бекітілген. Барлық ауылдың картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыру үшін мүмкіндіктері, инженерлік жүйеді тиесілі жер үлестері есебінен жер дайындау мүмкіндіктері қаралған. Ауылдық округтердегі шаруашылық басшыларымен келіссөздер жүргізілген, бөлім басшысы шаруашылық төрағалары ауыл тұрғындарына егістік жерлерді дайындауға дайын екенін айтады.

Ауданда бүгінде дейін 253 гектар жер дайындалған. Оның ішінде 149 гектар алқапқа 179 отбасы картоп, бақша дақылдарын орналастырған. Ақсу ауылдық округінде 35 гектар бақшалық жер ашу жоспарланса, бүгінде оның 15 гектары дайындалған, алайда басшалық дақылдарды орналастыру әлі басталмапты. Аққум ауылдық округінде 30 гектар жер дайындау жоспарланса, қазіргі таңда 24 гектар жер дайындалған. Оның 12 гектарына 15 отбасы картоп, бақша дақылдарын орналастырған.

Аққыр ауылдық округінен 8 гектар жер дайындау жоспарланған. Қазіргі таңда 3 гектар жерге 2 отбасы картоп, бақша дақылдарын өккен. Ал Аламесек ауылдық округінде 50 гектар жер дайындау қажет, бүгінде жеңінің 20 гектары игерілген. 5 гектар жерге 8 отбасы бақша дақылдарын орналастырған. Бұқарбай батыр ауылдық округінде 55 гектар жер дайындау жоспарланса, оның 30 гектары әзір тұр, ауылда 50 отбасы 20 гектар жерге картоп, бақша дақылдарын орналастырыпты.

Еңбек ауылдық округінде 30 гектар жер дайындау қажет, бүгінде шаруашылық тарапынан 5 гектар жер толық дайындалып қоршалған алайда картоп, бақша дақылдарын орналастыру жұмыстары әлі басталмапты. Ауыл әкімі тұрғындар тарапынан бақша салуға ниетті азаматтардың тапшы екенін айтады. Болмаса жергілікті шаруашылық тағы да қосымша жер ашуға әзір екен.

Мәдениет ауылдық округінен 30 гектар жер дайындау жоспарланса, бүгінде оның 11 гектары ашылған. Оның 3 гектарына 5 отбасы картоп, бақша дақылдарын орналастырыпты. Ал көршілес Мырзабай ауылдық округінде 30 гектар жер дайындау мекеленген. Бүгінде оның 5 гектары дайындалып, 18 отбасыға берілген. Алайда картоп, бақша дақылдарын орналастыру жұмыстары басталмаған.

Мақпалкөлден 60 гектар жер дайындалу қажет, егістік жерлерді дайындау жұмыстары әлі де жүргізілуде. М.Шәменов ауылдық округінде 14 гектар жер дайындау жоспарланған. Егістік жерлерді дайындау жұмыстары жүріп жатыр екен. Ал Таң ауылда 60 гектар жер дайындау мекеленсе, бүгінде 40 гектар жер әзір тұр. 25 гектар жерге ауылдағы 55 отбасы картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастырған. Жаңаталап ауылдық округінде 10 гектар жер дайындау жоспарланған, 21 адам картоп, бақша өнімдерін егуге ниет білдірген. Бүгінде 3 гектар жер дайындалып, 1 гектар жерге 4 отбасы бақша дақылдарын орналастырған. Ал бұған дейін де бақша өнімдерімен аты шыққан Жаңадария ауылдық округінде 50 гектар алқап дайындау жоспарланған. Қазіргі таңда 80 гектар жер дайын, оған 40 отбасы бақша дақылдарын орналастырған. Қаракеткен ауылдық округінде 8 гектар жер дайындау жоспарланған. Алайда бүгінде дейін жер дайындау жұмыстары жүргізілмеді. Жалағаш кенті тұрғындары үшін Ақбостай уәкесінен 30 гектар жер дайындау жоспарланып, қазіргі таңда 15 гектар жер игерілген. Бұл жерлер кенттегі 52 отбасына үлестіріліпті.

Бүгінде дейін жергілікті шаруашылықтар тарапынан 94 гектар жерге картоп, көкөніс, бақша дақылдары орналастырылған. Оның ішінде картоп 45 гектар, көкөніс 40 гектар, бақша 64 гектарды құрайды. Қазіргі таңда «Ер-Әлі» шаруа қожалығы «Өңтүстік коллектор» бойынан 7,5 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен «Ала» және «Джувел» сортты картоп дақылын орналастырған.

Асқарбек Есжанов бақшалық жер дайындау жұмыстарын жеделдету қажеттігін бөлім басшысы мен ауыл әкімдерінің қаперіне салды. Жыын соңында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тапсырламалар беріліп, оның орындалуы алдағы уақытта сараланатынын да айтылды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тағзым

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: НЕ ЖАЗЫП ЕМ, ҚҰДАЙ-АУ, МЕН ҚАЗАҚКА, МҮБТАЛА ҒЫП САЛҒАНДАЙ БҮЛ АЗАПҚА? АДАМШЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ КІРСІП, ҚОЛЫ ЖЕТСІН ДЕГЕНДІК ПЕ АЗАТҚА? ЖӨН КӨРСЕТТІМ ҚАЗАҚ ДЕГЕН НАМЫСҚА, ЖОЛ СІЛТЕДІМ ЖАҚЫН ЕМЕС, АЛЫСҚА. ҚИНАМАЙДЫ АБАҚТЫҒА ЖАПҚАНЫ, ҚИЫН ЕМЕС ДАРҒА АСҚАНЫ, АТҚАНЫ. МАҒАН АУЫР ОСЫЛАРДЫҢ БӘРІНЕН ӨЗ АУЫЛЫМНЫҢ ИТТЕРІ ҮРІП, ҚАПҚАНЫ, – ДЕП ЕДІ-АУ.

Иә, 31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – жалпай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған Қазақ елін мекендеген халықтың қаза болуына әкеліп соққан ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Сонау өткен ғасырдың қойнында қалып бара жатса да, бұл күн өткен сайын жаралы рухымыздың жадында жаңғыра береді. Таң атысымен Жалағаш жұрты жылдағы үрдіспен аудан орталығындағы «Тағзым» алаңында орналасқан «Қарақұм көтерілісі» ескерткіші алдына жиналды. Жиналған халық ескерткіш алдына гүл шоғын қойып, солақай саясаттың қандықасап жөндеттерінің қолымен жазықсыз жазаланған құрбандардың рухына құран бағыштап, бір сәт үнсіздікпен еске алды. – Дәл осындай зарлы үн XX ғасырдың басында қазақтың жерін жайлап еді. Қайран, қазақ елі... Бүгінгі ұрпаққа айта алмаған жеткізе алмаған жан дүниенді дір еткізетін сыра, мұңға толы тарихи парақтары қаншама. Иә, қазақ халқы бұл дүниеде не көрмеді? Сонау

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бастап, «репрессия» жылдарына дейінгі аралықта халқымыздың осынау кең жаһан далада жойылып кету қаупі тұрған еді. Шүкір, елін сүйген ата-бабаларымыздың жанкештігі, қайраткер, қайсарлығы арқасында біз кең байтақ жерде, ашық аспан астында бәбіт гүмбір көшіп жатырмыз. Сондықтан кейінгі ұрпақ қуғын-сүргіннен жазықсыз жапа шеккен қайраткерлердің есімдерін ерқашан еске алып, ұлықтайды. Біз өткен тарихты ұмытпаймыз. Олардың ерлік жолы үнемі мақтанышымен айтылады. Зұлмат жылдардың жаңғырығы халық жадынан өзін пайдиді. Кешегі арыстардың ізін басар бүгінгі буын аянбай еңбек етпек. Тәуелсіздігіміз баянды болсын, қасіретті жылдар қайталанбасын, еліміз амаң жұртымыз тыныш болсын, – деді аудан әкімі Асқарбек Есжанов. Жалпай ел-жерді ұжымдастыру кезінде солақай саясаттың құрбаны болған өлім-жерім деген ұлтжанды батырлардың тікелей ұрпағы Оспан Жанұзақ ақсақал да «Қарақұм көтерілісі»



Нәубет жылдар ызғары

ескерткіші алдына гүл шоғын қойып, әке аузынан естіген естеліктерін елге тарту етті. – Кеңес өкіметі орнағаннан-ақ қазақтар өртүрлі қысымға ұшырады. Кеңес билігінің жандайшаптары өз азаматтарын туған елінен бездіріп, сол кездері қазақтардың негізгі күнкөріс көзі болған төрт-түлік малын тартып алып, балашағасымен қоса қаңғыртып жіберді. Тәркілеу науқаны аяқталған соң да бай ұрпақтарын қудалауды жалғастыра берді. Соның салдарынан байларды айтапқандың негізгі кедейлердің тұрмыс жағдайы одан бетер қиындап кетті. Солақай саясат халық наразылығын тудырып, жұртшылықтың көтерілісіне ұласады. Кеңес өкіметіне қарсы шығып, наразылық білдіргендер жалпай ұсталып, бірі атылса, бірі жер аударылып, қамауға алынады. Шаш ал десе, бас алатын шалақ белсенділердің заманы туып, жалпай жазалау шаралары жағдайды мүлдем шиеленістіріп жібереді. Міне,

біздің ата-бабаларымыз бүгінгі жаймашуақ күн үшін қандай қасіретті күндерді басынан өткерді. Сондықтан кейінгі ұрпақ Тәуелсіздігіміздің бағасын жақсы түсініп, бағалай білуіміз қажет, – деп Оспан ақсақал аталық ақылын да айтты. Иә, Кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан болған нәубеттен өсіресе қазақтың жоғалтқаны көп. Ашаршылықты айтағанда 100 мың адам осы қуғын-сүргіннің құрбаны болды. 20 мың адам атылды, олар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Дулатұлы, Т.Рысқұлов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров сияқты қазақтың жанашыры, өз Отанының патриоты, біртуар азаматтары еді. Адам айтқысыз қасірет Жалағаш ауданынан да айналып өткен жоқ, ел 100-ге жуық ер-азаматынан айырылды. 1938-1944 жылдары коммунистік режим еңірімізге көріс, Еділ бойының нәмістері, грек, молдаван, шешен, ингуш секілді

т.б. мыңдаған өзге ұлт өкілдерін зорлап жер аударды. Мұрағаттық деректерге сүйенсек, 1937-1938 жылдары ақпан айында ауданымызға Қиыр шығыстан 3078 көріс, 1944 жылдың 10-11 наурыз күндері Жалағаш станциясына Кавказдан 3885 адам, яғни 894 отбасы, оның ішінде 765-і ер, 1065-і әйел, 2055-і балашешен-ингуш күштеп жер аударылып, қоныстандырылған. Десе де көңілі ақ, пейілі таза қазақ жұрты жер аударылғандарды өз ағайындай қабылдады, олар Жалағаш жерінен өздерінің екінші Отанын тапты дегуе ебден болады. Бір сәт тарихқа көз жүгіртсек, осы қасіреттің бірден бір себепкері Голощекин және оның жандайшаптары қазақ даласындағы сұмдық апат туралы: «Бұл халықтың қырылғанына біз емес, өздері кінәлі. Еңбектенгісі келмейтін жалқаулығынан қырылып жатыр» деп Сталинге хат жазды. Осылайша, «қазақ жалқау» деген пропагандалық

сөз арқылы өздерінің адам төзгісіз айуандықтарын ақтап алмақ болған. Ал бұл туралы тарихшы, академик Манаш Қозыбаев: «Голощекин аштан өлмеудің қамын ойлап бөлгендей бас ауыртқан жоқ. Ол өз республиканы басқарған 8 жыл ішінде бір рет те қазақ ауылында болып көрмеді», – деп Голощекиннің сөзі мен ісінің сәйкес келмегендігін өшкерілеп жазады. Иә, бүгінгі Тәуелсіздік кезеңінде өмір сүріп жатқан келешек ұрпақ ұлтқа қиянат жасаған осындай сатқындырды өшкерілеп, олардың тарихтағы қылмыстарын айтып, жазуға тиіспіз. Қанды қасптың қасіретін тартқан ел біздей-ақ болар. Өткеннен сабақ алып, салауат айтып, тіріге тілеулес болайық, ағайын!

Жандос ЖАЗКЕН

Алтын ұя



Мектеп – ауыл тірегі

МЕКТЕП – БІЛІМ ОРДАСЫ. ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІНДЕ МЕКТЕПТІҢ АЛАР ОРНЫ ЕРЕКШЕ. СЕБЕБІ ОСЫНДА БІЛІМ АЛЫП, ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕГІНІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАЙДЫ. СОНДАЙ-АҚ ЖАСТАРДЫҢ ТАЛАНТЫН ШЫҢДАП, ДАНАЛАРДЫҢ ТҮЛЕП ҰШАР ТҰҒЫРЫ. ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ – БІЛІМІНДЕ БОЛСА, ҰСТАНАР БАҒЫТЫ – ТӘРБИЕСІНДЕ. АЛ БІЛІМНІҢ «КӨЗІ» - МЕКТЕПТЕ!

Өткен аптада Мырзабай ахун ауылына атбасын бұрып, бірінші ретте мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, бітіруші түлектермен жүздесіп қайтқан болатынбыз. Ауылдағы №122 орта мектебінің шәкірттері 2008 жылдан бері жаңа оқу ғимаратында білім алуда. Аталмыш білім ордасында 2003 жылдан бастап Салима Оспанова мектеп директоры қызметін атқарып келеді. Бүгінде Салима Мырзабекқызы бастаған мектеп ұстаздары ауданымыздың білім саласын дамытуда елеулі еңбек етіп жүр, жеткен жетістіктері аз емес. Мектеп директоры аудандық, облыстық «Жылдиректоры» байқауларында жеңімпаз атанып, аудан облыс өкімінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталған «Ерен еңбегі үшін» Қазақстан Республикасының Президентінің жарлық бойынша медалімен, Жалағаш ауданының 80 жылдығына арналған медалімен, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалі мен Қазақстан Республикасының Президентінің алғыс хатымен марапатталған. 1 маусым күні білім ошағында соңғы қоңырау соғылып, өндігі оқуын колледж немесе университетте жалғастыруды жоспарлап отырған білім сүйер түлектердің тұла бойын қимастық билегені анық. Биыл мектеп қабырғасында 243 бала білім алса,

оның 11-і алтын ұя мектебімен қоштасып, 9 білім алушы алдағы ұлттық бірыңғай тестілеуде білімдерін саралайтын болады. Салтанатты шарада ел ертеңі болып табылатын жастардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда үлкен үлес қосып жүрген бірқатар ұстаздар марапатталды. Шараға жиылған қонақтар мен ауыл ардагерлері жас түлектерге ақжол тілеп, батасын берді. Мектеп қазіргі заман талабына сай материалды-техникалық базамен заманауи кабинеттерімен қамтамасыз етіліп, ер кабинет техникалық құралдар мен компьютерлер, интерактивті тақталармен, сондай-ақ әр пәнді терең үйретуге мүмкіндік беретін оқу бөлмелері қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Атап айтсақ, химия, физика, биология, информатика, мультимедиялық, тіпті заманауи спорт зал да бар. Мұнан бөлек мектеп түлектері жасақтаған арнайы кабинеттерде жұмысын жасауда. Математика пәнінің мұғалімі Іскендір Қырықбаев 1980 жылға дейін мектеп директоры болған, ұлағатты ұстаз. Ұлағатты ұстаздың еңбегін елеген 1958 жылы дүниеге келген шәкірттері озық қызметкердің құр-



метіне орай мектептен арнайы кабинет ашып, ішін толыққанды жабдықтаған. Мұнан бөлек бастауышы сынып мұғалімі болған Қыпшақұл Сатқароваға да 1965 жылы дүниеге келген шәкірттері мен 1989 жылы туылған білім алушылары кабинет ашып жасақтаған. Міне, мектеп табалдырығын аттаған түлектер де мектептің қадір-қасиетін түсініп, ауыл үшін білім ордасының орны бөлек екенін іспен дәлелдепті.

Мектепте білімді, дарынды балалармен жұмысты дамыту мақсатында жеке пәндерді тереңдетіп оқыту жұмыстары жүргізілуде. Сол себепті мектеп басшылығы ұстаздар біліктілігін арттыруды басты назарда ұстайды. Қазіргі таңда мектепте 44 мұғалім жұмыс жасаса, оның 38-і жоғары білімді, 3-еуі бірінші санатты, 4-еуі екінші санатты ұстаздар қатарында. Мектеп ұжымы қазіргі таңда оқытудың жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерін пайдалану арқылы

дарынды оқушыларды дер кезінде анықтап, шәкірттерді шығармашылыққа баулуды басты пәріміз деп санайды. Бүгінде шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық конкурстарда жеңімпаз атанып, талай зияткерлік, шығармашылық және спорттық сайыстарда жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Айта кетейік, «Сыр өңірі-астаналар ордасы» ғылыми жобасында 7 сынып оқушысы Ұлжан Тұрлыбай III орын, «Химия» секциясы бойынша ғылыми жобасында Гүлшара Серікбаева II орын, Меруерт Аманқали I орын мен сертификат, «Зерде» конкурсы математика секциясы бойынша Еңлік Бақытбекқызы мен Ақнұр Тұрақбай III орын, Ақдарын Қалдан II орынды, Қазақ тілі секциясы бойынша Кәусар Мергенбек III орын, Техника секциясы бойынша Еркеназ Болат III орын, «Ақбөрен» өнер байқауында Шадыман Теміршеқызы аудандық, облыстық сайыстан I орын, Республикалықтан III орынды иеленді. «Ең үздік медиа-орталар мектебі» аудандық кезең «Бейнефрагменттер конкурсында» I орынды Айзере Тұрабай, «Жарқын болашақ» байқауында Шадыман Теміршеқызы III орынды, «Жас қаламгер» байқауында номинацияны иеленген озат оқушы, І.Жансүгіров оқуларынан жүлделі III орынды, Абай оқуларында «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» байқауында II орынды иеленген.

2022» байқауында Гүлбану Әмірбай жүлделі III орынды, «Үздік бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәнінің мұғалімі» кәсіби байқауында Күнсулу Нәзікбаева II орынды, «Тәуелсіздік-туғырым» атты эссе жазу байқауында Торғын Иманбаева арнайы алғыс хатпен, «Жас ұстаз-2022» аудандық командалық байқауында №122 мектеп III орынды, «Жаңа мектепке-жаңашыл ұстаз-2023» байқауында Айдаң Қойшығұл «Жаңашыл жас ұстаз» номинациясымен марапатталды. Мұндай жетістікке жету, өріне шебер ұстаз, талапшыл басшының, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжымның арқасы. «Адамды адам ететін – кітап, адамзат ететін – кітапхана» демекші, мектеп ордасында кітапхана жұмыс жасауда. Кітапханашы Зада Даниярованың айтуынша, оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығы жоғары, өсіресе көркем әдебиет шығармашылығына қызығушылығы басым. Жалпы, кітапхана қорында 18742 дана кітап болса, оның 8880-і оқулық екен. Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың поэзияға деген құшындысын арттыруға, талғамына, таңдауына сай әдебиеттерді іріктеуге көмектесіп, оқуға деген ынта ықыласын көтеруде кітапханада мөнерлеп оқу жарыстары, театрландырылған көрініс қою секілді түрлі танымдық шаралар ұйымдастырылады. Мектепте міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен 84 оқушы қамтылған. Оның ішінде 56-сы 1-4 сыныпта оқиды. Жалпы, 140 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы мектептің басты назарында. Мәселен балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында былал мектепте міндетті оқу қоры есебінен Жалағаш кенті «Ақтерек» лагеріне 17 оқушыға жолдама берілген. Сондай-ақ Алматы қаласындағы «Спутник» жазғы тыныш лагеріне 1 оқушы баратын болса, Жаңақорған ауданы «Талдысу» лагеріне 10 оқушыға «Балдихан» ЖШС басшысы Ғалымжан Балабатыров пен «Керей» шаруа қожалығының басшысы Нұрбол Құндызбаев демалуға демеушілік жасады. Ұрпақ тәрбиелеуді өздеріне парыз еткен мектеп ұжымы әлі де талай бүлдіршіңдерді біліммен қанаттандырып, биік белестерге жетелеуде жүйелі әрі еселі еңбек ететіні хақ.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ





Балаларға базарлық



Балалар шығармашылығына ғалам тербеп жүрген ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балағайларға арнап жазған бір топ өлеңдері

Сығарылы қыққалам

Таудай оңда талабы,
Қолыңда ылғи қаламы,
Табиғатты тірілтіп,
Ағ бағазға салады.

Гүлдендіріп қаланы,
Түрлендіріп даланы,
Өзгертеді бір сәтте,
Сығарылы қыққаламы.

Сүйкең қалса қолы егер,
Тал-теректер көгерер,
Шыға келер одан соң,
Тауға айналып төбелер.

Биік таудың етегі –
Төрт түліктегі мекені,
Құлашағы бір сәтте,
Тайға айналып кетеді.

Түрлі бояу тұр туыны,
Гүлдер өсті құлашыны.

Сары бояу жағғанда,
Шыға келер Күн күліні.

Бұлт арасы сөгілді,
Күннен шыға тоғлді,
Жеті түсті бояудан,
Кеміргенде қориді.

Ағ бояу – тау бұлағы,
Жасыл бояу – гурағы,
Сұр бояуды жағғанда,
Тарғы тастар шығады.

Көкшіл түс – көл болады,
Кемірі тез толады,
Қоңыр бояу жағғанда,
Қаз-үйректер қонады.

Шоқ даланың танабы,
Нұта айналып барады,
Сығарылы өскен рәсімде,
Ерденің ырығаламы.

Бала деген – бір бақыт

БАЛА ҚУАНСА, ӘЛЕМ ҚУАНАДЫ. ОЛАРДЫҢ ҚУАНЫШТАН БАЛ-БҰЛ ЖАНҒАН ЖҮЗДЕРІН КӨРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ЕҢБЕКТІҢ ДЕ АРТЫҚТЫҒЫ ЖОҚ. ӨЙТКЕНІ БАЛА БАУЫР ЕТІП, ЖҮРЕГІҢНІҢ БӨЛШЕГІ, КӨҢІЛДІҢ НҰРЫ, КӨЗДІҢ ҚУАНЫШЫ, ӨМІРІҢНІҢ ЖАЛҒАСЫ ДЕП БІЛЕТІН ҚАЗАҚПЫЗ. ЖҮЗІ БАСҚА ЖҮРЕГІ БІР, МЫНАУ ДҮНИЕНІ ТЕК ЖАҚСЫЛЫҚТАН ТҰРАТЫН КІШКЕНЕ ЖҮРЕК КӨЗІМЕН КӨРЕТІН БҮЛДІРШІНДЕР ӨМІРДІҢ МӘНІ. ОСЫ ЖАННАН АРТЫҚ, БАЛДАН ТӘТТІ ПЕРЗЕНТІМІЗДІ САЛИҚАЛЫ ҰРПАҚ ЕТІП ТӘРБИЕЛЕУ АТА-АНАНЫҢ МІНДЕТІ.

Жаз айының алғашқы күнімен қатар келетін халықаралық балаларды қорғау күні биылғы жылы да кең көлемде сән-салтанатымен аталып өтті. Бір ерекшелігі, биылғы мереке барлық білім ошақтарындағы соңғы қоңырау салтанатты шарасымен тұспа-тұс келді. Қысқасы, балалар екі мерекені қатар тойлап, шексіз қуанышқа бөленді. Ал орталық алаңға жиылған балғын балалық шақтың кейіпкерлері түрлі көрмелерге, концерттік бағдарламаға куә болды.

Дел осы күні орталық алаңда аудан басшылығының, ел ағаларының, аудан тұрғындары мен балалардың қатысуымен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік шара өтті. Балалардың қуанышына ортақтасқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов алдымен бүлдіршіндердің қолдарын көрмесімен танысып, ғылым мен білімге бағыт алған жас ғалымдардың жобаларын тыңдады. Әр баламен жеке-жеке тілдескен өңір басшысы оларды мұқият тыңдады, ақ

тілегін арнады. Салтанатты шара мұнан әрі аудан өнерпаздарының балаларға арнаған мерекелік концертіне ұласты. Түрлі жанрлардың, ертегі кейіпкерлерінің кейіпіндегі өнерпаздар қойылым қойып, би биледі. Барлығы балалар үшін безендірілген сахна да ертегі әлемі іспеттес күйге еніпті. Ал осынау мөлдір өлеңнің шынайы кейіпкерлері – балаларды, аудан тұрғындарын айтулы мерекемен құттықтаған аудан басшысы баланың бақыты ата-ананың бақыты өкенін жасырмады.

– Тәрбиенің өзегі – бала бойына адамгершілік пен рухани құндылықты сіңіру. Құнды қасиеттерді бойына сіңіру, рухани дүниесі жетілген адамды қалыптастыру туган кезінен басталуы керек дейді халық даналығы. Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оған көмектесе алмайсың. Баланы тәрбиелеу де осы секілді ерте жастан басталса, жемісін береді. Жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы. Сондықтан бала әрбір ата-ананың

бақыты. Осы бүлдіршіндеріміз сапалы білім алып, еркін өмір сүруі үшін біздер еңбектенеміз. Балалар үшін мықты болып, балалар үшін ерлікке барамыз. Себебі ертеңгі елдің егелері, болашағы осы бүлдіршіндеріміз, – деген аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы тұрғындарын мерейлі мерекемен тағы бір құттықтады.

Мұнан соң аудан басшысы Асқарбек Есжанов балалардың жазғы демалысын тиімді әрі қызықты өтсін деген ниетпен, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 656 оқушыға жазғы тынығу лагерлеріне жолдама табыстады. Ал аудандық білім бөлімінің мәліметінше, жазғы демалыс уақытында аудан бойынша 6683 бала қамтылуы тиіс. Бұл жұмыстар бүгінгі күннің өзінде қолға алыныпты. Яғни, облыс көлемінде және облыстан тыс лагерлерге, Алматы, Шымкент, Жаңақорғанда, сондай-ақ кент сыртындағы «Ақтерек» лагеріне, туристік экскурсияларға 90 пайыз қамту жұмыстары жоспарлануда.

Нұржамил АЛМАСҚЫЗЫ

Атасының ақуылы



Басқалар да байғасын,
Өсті десем Өркенім...
Ауырлығын айтасың,
Ардадағы сомкеңім.

Жеу үшін де талғанды,
Едбек етіп терлейсің,
Жауыр қыламы ардадағы,
Қиындығы жейбейсің.

Салмағына сомкеңім,
Ауырсымба сен бүгін!

Котересің ертең күн,
Бұдан да ауыр ел жүгін.

Жарға жығнас нар сенім,
Жетер оған күшің де.
Болашағың бар сенім,
Сол сомкеңім ішінде.

Білесің бәрі жаман ба?
Биіктіңен тау – Ұлы.
Болайды оңда адамға,
Керек заттың ауыры.



Мен жастарға сенемін

АПТА БАСЫНДА АҚҚҰМ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫНДА АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ, АҚЫН, ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАРҚЫН ЖҮЛДЫЗЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 130 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ АУДАНДЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТТІ. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСҚАН БАРЛЫҚ ҮМІТКЕРЛЕР АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНАН СЫР ШЕРТІП, ӨЛЕНДІ КӨРКЕМДЕП ОҚУ АРҚЫЛЫ СӨЗДЕН МАРЖАН ТЕРДІ. АЛ АТАЛҒАН БАЙҚАУҒА КУӘ БОЛҒАН АҚҚҰМДЫҚТАР СЫРШЫЛ АҚЫННЫҢ ӨЛЕНДЕРІНЕН РУХАНИ АЗЫҚ АЛДЫ.

Жалпы, қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік пен ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев. Мағжан поэзиясының тақырыбы әр алуан. Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жылдамғап тақырып жоқ дегуе болады. XX ғасырдың басында әдебиет өлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімнің өзгеше сұлулығы мен саздылығының ерекше үйлесім табуында. Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы – Абайға өліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан әсте жалқыпай, көп ізденген жан.

Ал қазақ өлеңінің ұлттық бояуыменен рухын ұстана отырып, оны түрлендіріп айтқан, адам жанының сұлулығы мен сыр сымбатын жырлаған, осылайша

қалың оқырманның жүрегіне жол ашқан халқының білікті де парасатты ақыны Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай өткен «Мен жастарға сенемін» көркемсөз оқу шеберлерінің аудандық байқауында 15 үміткер өлең оқып, екі кезең бойынша бақтарын сынады. Байқау шымылдығы Мағжан Жұмабаевтың сомдаған өнерпаздық өлең оқуымен ашылды. Мұнан соң «Бал-бала» би тобының «Наркескен» биін тамашалап, онан ары үміткерлердің өнеріне көзек берілді. Ал қазақ өлеңін зергерлеп, елдің жүрегінен орын тапқан жастардың жігеріне қанат бітіріп «Мен жастарға сенемін» деп жырлаған Мағжан ақынның шығармашылығына тоқталған Аққұм ауылының әкімі Алтынбек Асанбеков байқау қатысушыларына сөзтілік тіледі.

Ақынның 130 жылдығына арналған көркемсөз оқу шеберлерінің байқауына «Руханият орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

бөлім басшысы, аудандық мәслихат депутаты, Қазақстан жазушылар орталығының мүшесі, әділ-қазы алқа төрағасы Қуат Адисұлы, Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектептің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Жанар Шілдебаева, Мәдениет саласының үздігі, аудандық мәслихат депутаты Гүлжайна Айтжанова қазылық етті.

Байқау нәтижесімен Бас жүлдені Мәдениет ауылынан Мақсұт Ақзере, жүлделі I орынды Аққыр ауылынан Бекасыл Дінмұхаммед, жүлделі II орынды Аққұм ауылынан Жандосұлы Думан, жүлделі III орынды Далдабай ауылынан Алдаберлі Аида және Таң ауылынан Жасұлан Нұрдидагер иеленсе, С.Торайғыров атындағы арнайы жүлдені Ақсу ауылынан Мұхамбетжанқызы Зияда, Т.Жүргенов атындағы арнайы жүлдені Есет Батыр ауылынан Әділбек Сұлтан иеленді. Қатысушы өнерпаздардың барлығы

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

1986 жылы туылған тұлғалардың демеушілігімен Диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Айта кету керек, байқаудың өз дәрежесінде өтуіне 1986 жылы туылған 2003 жылғы мектеп бітіруші тұлғалар демеушілік етті. 200 000 теңге көлемінде сыйлықтар мен қаржылай демеушілік жасап, барлық қатысушыларды құралақан қалдырмады.

Мағжан Жұмабаев – поэзия өлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухы үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Ақынның егемен еліміздің ертеңгі қызметін атқарар лайықты тұлға – ол жастар өкенін ескеріп, «Мен жастарға сенемін» өлеңінде елдің қалыптасуына жастардан үлкен үміт күтіп, аманат сенім артқанын білеміз. Жеті ақынның «Мен жастарға сенемін» деп жырласа, байқау барысында бүгінгі буын ақын аталарының сенімінен шығуда, қазақ өлеңінің қалың қазақ жүрегінен орын табуы үшін барын салды. Шеберліктері, таланты, ын-та-жігерін қабілетімен ұштастыра білген үміткерлердің қай-қайсысы да бас жүлдеге лайықты болды. Бірақ байқау болған жерде жеңіс те, жеңіліс те болады. Бастысы қазақ әдебиетінің, поэзиясының тереңдігіне, құдіреттілігіне тағы бір куә болды.

Әкемінің өзі бір мектеп

Жүзіне бүгін түсті әжім,
Ал, менің өнім тұр көктем.
Әбестің көрсетсең бағдай да,
«Тәйт» деген сөзбен тияды.

Жүрегі жұмсақ, алайда
Сөзіңің өткір биік.
Әбестің көрсетсең бағдай да,
«Тәйт» деген сөзбен тияды.

Ырыма газдақ бай халық,
Соған да елден ерекпіз.
Адам бар үйді айналды,
Жүгірме дейді себепсіз.

Жасалар тұмсы, досқа арнап,
Жүйеміз бәрі сый-бадес...
Құлағты жайым есе болды,
Босаға керме дейді әжем.

Сөздерін түйдім жадыма,
Ауылмен санам нұрланды.
Жаратпайды әжем тағы да,
Табалдырығға тұрғанды.

Тілейтін бізге амандық,
Әкемің сөзі – мейірім.
Шайырма дейді жамандық,
Шайырма біреу бұйырым.

Ниятін болса болғаны,
Ісінде әрбір бар үлгі.
Ырыма жаман ол-дағы,
Таныба дейді жағанды.

Асылың тағы бастайды,
Есейдік десек біз енді.
Оған да тыны тастайды,
Одан да түйен тизеді.

Жеңісе жұрме тас тығып,
Халықта тысым бар ене.
Ырымағы түбі – жасылым,
Тынымды түбі – тәрбие.

Жаманнан мені тигасып,
Жүремің ылғи құрметтен.
Үйреткен әдеп-ібасын,
Әкемің өзі – бір мектеп.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттерін «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 876